

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 15 1 шілдедегі N 260

Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 жылғы 18 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" 1998 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

61-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 17-) тармақшамен толықтырылсын:

"17) субстанция - дәрі-дәрмектерін қоса алғанда, дәрілік заттар, оның ішінде дәріхананың өзінде жасалғандары; протездік-ортопедиялық бұйымдар; жұқпалы аурулар диагностикасына, олардың алдын алуға және (немесе) оларды емдеуге арналған медициналық иммундық-биологиялық препараттарды дайындауға арналған материалдар.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) субстанция - дәрі-дәрмектерін қоса алғанда, дәрілік заттарды, оның ішінде дәріхананың өзінде жасалғандарын; протездік-ортопедиялық бұйымдарды; жұқпалы аурулар диагностикасына, олардың алдын алуға және (немесе) оларды емдеуге арналған медициналық иммундық-биологиялық препараттарды дайындауға арналған материалдарды импорттау.";

66-бапта:

1-тармақтағы "2-тармағында" деген сөздер "2 және 4-тармақтарындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ "салық ставкасы" деген сөздерден кейін "осы баптың 4-тармағында

аталған жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Тірідей салмақпен мал мен құсты, етті, балықты, ұнды, нанды

және нан-тоқаш тағамдарын, макарон тағамдарын, сүтті және сүт өнімдерін (балмұздақты қоспағанда), жұмыртқаны, өсімдік майын, маргаринді, жарманы, астықты, құрама жемді, қантты (оның ішінде шикілей қантты), тұзды, көкөністерді, картопты, балалар және диабет тамақтары өнімдерін сату мен импорттау жөніндегі айналымға 10 процент ставка бойынша салық салынады.";

68-баптың 5-тармағы алып тасталсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

оқығандар:

Багарова Ж.  
Икебаева А.